

Арқалық қаласы әкімінің марапаты 2024

27.12.2024 жылы Арқалық қаласының әкімдігі аппаратының ұйымдастыруымен «Мемлекеттік қызмет – абыройлы міндет» тақырыбында Арқалық қаласы мен ауыл мектептерінің 11 сынып оқушылары арасында эссе байқауы өтті. Байқау қорытындысы бойынша мектеп-гимназиямыздың 11 "Б" сынып оқушысы Ержігітова Аружан жүлделі ІІІ орынға ие болып, Арқалық қаласы әкімінің дипломымен марапатталды. Жетекшісі Ибикенова Л.Қ. Үздік жазылған материал иелерінің эсселері Арқалық қаласы әкімдігінің әлеуметтік парақшаларында, "Арқалық хабары" газетінде жарияланатын болады. Сонымен қатар мектеп-гимназиямыздың 11 "В" сынып оқушысы Нұрахмет Айбек қала, облыс, республика, халықаралық деңгейдегі спорттағы жетістіктері бойынша Арқалық қаласының алтын кітабына еніп, қала әкімінің алғыс хатына ие болды. Жеңістеріңіз құтты болсын!

